

Ата-аналарға арналған кеңес:
«Логоритмика – бұл қозғалыс»

Дайындаған: мұғалім-логопед
Борисова М.С.

Соңғы жылдары мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін дамыту мәселесі өте өзекті болып отыр. Сөйлеуінде түрлі бұзылыстары бар балалар санының үнемі артып келе жатқаны байқалады. Өкінішке орай, әртүрлі себептерге байланысты әр бала логопед маманның көмегін уақытында ала бермейді. Мұндай жағдайда логопедиялық ритмика көмекке келеді. Логоритмика – сөйлеуінде жеңіл бұзылыстары бар балаларға қарапайым балабақша жағдайында көмек көрсетуге мүмкіндік беретін әдіс.

Бізді қоршаған барлық нәрсе ырғақ заңдылықтарына бағынады: жыл мезгілдерінің ауысуы, күн мен түн, жүрек соғысы және тағы басқалар. Кез келген ырғақты қозғалыс ми қызметін белсендіреді. Сондықтан ерте жастан бастап балалардың ырғақ сезімін дамыту ұсынылады. Бұл үшін мектепке дейінгі балаларға қолжетімді түрде – ырғақты жаттығулар мен ойындарды қолдану тиімді.

Ғылыми тұрғыда дәлелденгендей, баланың сөйлеу тілі оның қимыл-қозғалыс белсенділігімен тығыз байланысты. Қол, аяқ, бас және дене жаттығуларын дұрыс әрі белсенді орындау тіл, ерін, төменгі жақ қозғалыстарын жетілдіруге ықпал етеді.

Логоритмика – сөйлеуді сауықтыру құралы. Бұл кешенді әдістеме болып табылады және үш құрамдас бөліктен тұрады: логопедиялық, дене шынықтыру және музыкалық-ырғақтық тәрбие.

Логоритмиканың негізінде сөйлеу, қозғалыс және музыка жатыр. Музыканың адамның психикалық және физикалық жағдайына әсері ежелгі дәуірден белгілі. Ежелгі Грекия ғалымдары – Пифагор, Аристотель, Платон және басқалар музыканың емдік қасиеттеріне назар аударған. Олардың пікірінше, музыка адам ағзасында үйлесімділік қалыптастырады. Музыка тудыратын эмоциялар ми қыртысының тонусын арттырып, тыныс алу мен қан айналымын жақсартады, зат алмасуды белсендіреді. Әуезді әуендер жағымды эмоционалдық күй қалыптастырады.

Логоритмиканы қолдану баланың моторикасына, жалпы тонусына және көңіл-күйіне оң әсер етеді. Ол орталық жүйке жүйесінің қозғалыс және жүйке орталықтарын жаттықтырып, ми қыртысының белсенділігін арттырады.

Сонымен қатар, логоритмикалық сабақтар баланың зейіні мен шоғырлануын дамытады. Бұл – сөйлеуді дамытуға бағытталған ең тиімді логопедиялық әдістердің бірі.

Логоритмиканың негізгі мақсаты – қозғалыс саласын дамыту және түзету арқылы сөйлеу бұзылыстарын жеңу.

Логоритмиканың міндеттеріне мыналар жатады: жүру немесе жүгіру кезінде қол мен аяқ қозғалысының үйлесімділігін дамыту; дұрыс дене қалпын

калыптастыру; кернеу мен қимылдағы қысылуды жою; есту және сөйлеу зейінін дамыту; физиологиялық тыныс алуды, дауыс күшін және сөйлеу мәнерлілігін дамыту; ұсақ моториканы және қозғалыс дәлдігін жетілдіру және т.б.

Логоритмикалық жаттығуларға сөйлеу жаттығулары, зейін мен есте сақтауды дамытуға арналған тапсырмалар, тыныс алу жаттығулары, қимылмен сүйемелденетін әндер мен тақпақтар, саусақ ойындары, қимылды ойындар, релаксация жаттығулары, артикуляциялық гимнастика кіреді.

Мұндай жаттығуларды әртүрлі оқу іс-әрекеттерінде, күн тәртібі сәттерінде, серуен кезінде, сондай-ақ сергіту сәті ретінде қолдануға болады.

Логоритмиканы жүйелі түрде қолдану нәтижесінде белгілі бір уақыттан кейін балалардың сөйлеу тілінің дамуында оң өзгерістер байқалады. Тәжірибе көрсеткендей, күнделікті логоритмикалық жаттығулар кіші жастағы балалардың сөйлеуін тиімді дамытады. Балаларда жағымды эмоционалдық көңіл-күй қалыптасады. Сонымен қатар фонематикалық қабылдау дамып, сөздік қоры айтарлықтай кеңейеді, есту зейіні мен қимылдық есте сақтау қабілеті артады.

Одан бөлек, логоритмика арқылы жалпы және ұсақ моторика жетілдіріледі, сөйлеумен байланысты нақты әрі үйлесімді қозғалыстар қалыптасады, балалардың шығармашылық қиялы мен елестету қабілеті дамиды. Төменде сіздерге мысал келтірілген.

Логоритмикалық жаттығу:

Біз аяқпен топ-топ-топ
Біз қолмен шапалақ соқ-соқ-соқ
Оңға да, солға да (оңға – солға еңкею)
Оңай ғана бұрыламыз
Басымызды изейміз (бас изеу)
Қолымызды бірге бұлғаймыз (қол бұлғау)
Оңға да, солға да (еңкею)
Оңай ғана бұрыламыз (секіру)
Біз биікке секіреміз
Бірге секіру қандай оңай
Оңға да, солға да
Оңай ғана бұрыламыз.